

Айнұр МОЛДАХЫНОВА,
«Азиямед» медициналық
орталығының бас дәрігері:

«ДӘРІГЕРЛЕР ТЕК
ЕМДЕУМЕН ЕМЕС,
ЖОҒАРЫ
МӘДЕНИЕТІМЕН
ДЕ ЕРЕКШЕЛЕНУІ
КЕРЕК»

Денсаулық сақтау сала-сына қойылатын талап жыл сайын артып келеді. Әсіресе, емхана қызметінің сапасы, дәрігерлердің біліктілігі, заманауи құрал-жабдықтармен қамтылуы – халық назарындағы өзекті мәселелердің бірі. Осы орайда біз отандық медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында «Азиямед» медициналық орталығының бас дәрігері, 30 жылға жуық тәжірибесі бар білікті маман Айнұр Зейнәділқызы Молдахыновамен сұхбаттасып, қазіргі медициналық қызметтің беталысы, жас дәрігерлерді тәрбиелеу, тұрғындардың жиі қоятын сұрақтары мен емхана жұмысының ішкі механизмі туралы кеңінен әңгімелескен едік.

– **Өзіңіз жетекшілік ететін емхана қанша адамға қызмет етеді? Орталықтағы қызмет сапасы, дәрігерлер біліктілігі емделушілер көңілінен шығып отыр ма?**

– «Азиямед» медициналық орталығының аты көпшілікке жақсы таныс. Бұл мекеменің елге қызмет етіп келе жатқанына 20 жылдан асты. Жекеменшік емхана ретінде құрылған орталыққа басында аздаған науқастар келіп, дәрігерлер көмегін алатын болған. Кейінірек емханамыз кеңейіп, кең көлемде қызмет көрсете бастады. Мемлекет тарапынан тапсырыстар алып, емханамыз ауқымды әрі көпсалалы медициналық орталыққа айналды. Қазіргі уақытта біздің ұжымда 30-дан астам дәрігер мен 20-дан астам мейірбике ауысыммен қызмет атқарады. Бүгінгі таңда емханамызға тіркелген науқастардың саны 15 мыңға жуық. Күніне келіп-кететін пациенттер саны 200 бен 500 адам аралығында.

(Жалғасы 2-бетте)

(Жалғасы 5-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

РАҚЫМШЫЛЫҚ – ТҮЗЕЛУГЕ НИЕТТІ АЗАМАТТАРҒА БЕРІЛЕТІН МҮМКІНДІК



Елімізде кезекті мәрте сотталғандарға рақымшылық жасалмақ. Тәуелсіздік алғаннан бері оныншы рет жасалып отырған бұл шараға ілінетіндер арасында көбіне кәмелетке жасы толмаған баласы бар аналар және жүкті әйелдер бар.

БЕЗБЕН

БАЛАНЫ БАСҚАЛАРМЕН САЛЫСТЫРУ ҚАТЕ

«Заң мен әдеп» фундаменті бала кезден берілген тәрбие арқылы қалыптасады. Үй салғанда да үйдің фундаменті берік болуына көп мән берілетінін білеміз. Себебі үйдің барлық ауыртпалығы сол фундаментке түседі. Сондықтан сол фундаменттің астын да зерттеп, содан кейін үй салынатыны белгілі. Сол сияқты «Заң мен әдептің» іргетасы мықты болсын десек, балалардың дамуына, біліміне, тәліміне бейжай қарамау керек. Себебі, бала өскеннен кейін оны түзу бағытқа бұру өте күрделі. Яғни, барлық заңдылық пен әдептілік балалық шақта ғана бойға тез сіңеді.

Отбасындағы бала тәрбиесінде әкенің орны бөлек. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» кітабынан да Абайдың балалық шағында ауылдың мәселесін шешуге жиналған үлкен кісілердің ортасында бірге болып, әр сөзге өз көзқарасын білдіріп, сараптама жасап отырғанын көруге болады.

...Абай шырағым, сені әкең шақырып жатыр, – деді.

Үй іші де, Абай да үн қатқан жоқ. Бағанадан бергі еркін, ойнақы, бала мінездің бәрінен тартынып, бойын жиып шәкірт бала үндемей үйден шықты да, әкесі отырған үйге келді.

Қонақ үйі шешелер үйіндей емес, сыртынан да салқын, үнсіз. Абай есіктен кіре, үйде отырған үлкендерге ашық дауыспен, айқын етіп сәлем берді. Үлкендер де мұның сәлемін дауыстап алды. Кісі көп емес, Құнанбай мен

Майбасар, Жұмабайдан басқа осы өңірдегі Тобықтының белгілі үлкендері: Байсал, Бөжей, Қаратай, Сүйіндік екен. Және осылардың жанына ерткен жас жолдасы тәрізді, Байсалдың немере інісі – бала жігіт Жиренше бар. Абайдан жасы үлкендеу болса да, ол құрбыша ашна еді.

Әкесінің бағанағы кешке күткен кісілері осы үлкендер болды. Абайдың бала күнінен сезетін бір жайы: мұндай кісілермен, әсіресе, дәл осы төрт-бес кісімен бас қосу ел ішінде басталатын бір үлкен істің, оқшау істің белгісі болатын. Оларды әкесі ежелгі дағдысы бойынша әдейі шақыртып алған сияқты.

Бұрын ондай сөздеріне Абай араласып та, тыңдап та көрмеген. Бүгін бірінші рет әдейі алғызып отыр. Бір ойдан Абай өзіме бірдеме айтпақ па екен деп ойлады.

Осы кітап жолдарынан байқалғандай, Абай балалық шағынан бастап үлкендердің ішінде отырып, үлкен мәселелерді шешу барысына қатысып, өз ой-өрісін іштей саралап отырғанын байқауға болады. Оны Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» кітабындағы келесі мәтіннен де көруге болады:

«Сондықтан бір уақыт ол әке сөзінің сыр-тын, ағымын тыңдайды. Кейбір өзі білмейтін қиын, жаңа сөздерін ұстап қалады. Әлдекімге қаптап, зіркілдеп сәйлеп отырған әке сөзі кейде бұған бір жортуыл, шабуыл үстіндегі шұбырынды, ұзақ сарын сияқтанады. Кейде ұғымсыз сөзден іші пысып, әкесінің пішін тұлғасына қарап, қадалып қалады».

Бұл жолдардан Абайдың бала болса да, ойлау қабілетінің даналығын, оның кішкентай кезден бастап үйіндегі осы даналыққа бағыттап өсірген адамның зор еңбегі бары байқалып отыр. Себебі мағыналы сөздерді сүзгіден өткізіп, тек жақсыны санаға құюдың өзі өте маңызды.

Әр баланың өз мінезі, көзқарасы, ойлау қабілеті бар. Сондықтан кейбір ата-аналардың: «Ана бала сабағын жақсы оқиды, сен неге ондай емессің?» дегенін естіген баланың көңілі түседі. Баланы басқа баламен салыстыруға болмайды. Керісінше баланы адал, әділ, мейірімділікке баулып, яғни заң аясында әдепті етіп өсіру керек.

(Жалғасы 2-бетте)

4-бет

Жастары жасампаз
ұлттың ұпайы түгел

6-бет

Ынтымақтастық
тереңдей түспек

8-бет

Сол бір түнде...

БЕЗБЕН



БАЛАНЫ БАСҚАЛАРМЕН САЛЫСТЫРУ ҚАТЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осы қасиеттерді бойына сіңірген бала міндетті түрде өз жолын тауып, бақытты болатыны сөзсіз.

Кішкентай кезінде баланың сөйлеген тілін қызықтап боқтап, балағаттап айтқан сөздерін қызық көріп, күліп, қоштап отыратындар көп. Алайда, «Менің айтқан сөздерім қуантады екен» деп түсінген бүлдіршін өзінікін дұрыс деп есейеді. Кейін сол сөздерді ілестіре сөйлеп, екі сөзінің бірі балағатқа толып, бұл қалыпты жағдайға айналады. Ал барлық ұрыс-керіс, кикілжің, төбелес осы балағат сөзден басталады. Сондықтан қазіргі заманда отбасындағы әрбір ата-ана психолог сияқты болуы керек. Әр баланы дүниеге әкелер алдында соған дайындалғаны жөн. Себебі, бала алғаш есін біле бастағаннан үлкендердің іс-қимылдарын қайталап, еліктеп өседі. Отбасында айтылған сөздер, кикілжің, ұрыс-керіс, ұрып-соғу баланың психикасына әсер етіп, үйден, отбасынан алшақтап, қаша бастайды. Сөйтіп, бала қандай ортаға қосылса, сол ортада оның мінезі қалыптасады. Соған орай баламен сөйлесіп, отбасында әдемі кітаптардың оқилуы, әртүрлі баланың ойын дамытатын

ойындар ұйымдастырып, балаға ата-ана тарапынан жылулық берілгені дұрыс.

Дастарқан басында, баланы далада ойнатып жүргенде ұялы телефоннан көз алмай немесе «Бала жыламаса болды» деп қолына ұялы телефонды бере салатын ата-аналар да жетіп артылады. Баламен жүрген кезде телефонды мүлдем пайдаланбаған дұрыс. Сонымен қатар балаларға кішкентай кезінен бастап үлкендер келгенде тұрып амандасуды, кішілерге кішіпейілдік танытуды үйретіп, сыйластыққа, қарапайымдылыққа баулып өсірген абзал.

Баланы кішкентай кезінен бастап қымбат затқа әуестендірмей, оның орнына бойына мейірімділік пен жылулық, адамгершілікті құйып тәрбиелеудің пайдасы зор. Әкелер отбасының жігерлілігін арттырып, аналар аналық қасиетімен дұрыс тәрбие берсе «Заң мен әдеп» аясында шаңырақтың берік және берекелі болатыны анық.

Жаңылхан ЖҮСІПОВА,
Маңғыстау облысы көмелетке
толмағандар істері жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
төрағасы

КӨКЖИЕК

«КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА 9 НЫСАН ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ

Маңғыстау облысында «Келешек мектептері» жобасы аясында 2024–2025 жылдары 12 600 орындық 13 мектептің құрылысы жүргізілді. Ал 4500 орындық 4 мектеп Ақтау қаласындағы 17, 33, 19-шы шағын аудандарда ашылса, Батыр ауылынан бір білім ошағы пайдалануға беріліп үлгерді. Ал қалған 9 мектеп жыл соңына дейін ашылады.



«2025 жылдың аяғына дейін 6600 орындық 9 мектепті пайдалануға беру жоспарланған. Тамыз айында Ақтау қаласы Өмірзақ ауылы, Рауан елді мекені, 20-ш/а,

Жаңаөзен қаласы Мерей ш/а, Бейнеу ауданы Сам ауылы, Маңғыстау және Мұнайлы аудандары мен Батыр ауылында орналасқан. Ал қазан айында Ақтау қаласындағы 1500

шек мектептері» жобасы аясында Ақтау қаласындағы №31 жалпы білім беретін мектеп осы жылдың 20 қаңтарында есігін айқара ашты. Білім ошағы көрсек көз тоярлықтай,

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

РАҚЫМШЫЛЫҚ – ТҮЗЕЛУГЕ НИЕТТІ АЗАМАТТАРҒА БЕРІЛЕТІН МҮМКІНДІК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Олардың жалпы саны 833. Бұл әйелдердің 109-ы босатылып, 724-інің мерзімі қысқартылмақ. Бұл әрине, ізгілікті қадам. Өйткені, әйелдің түрмеде отыруы оның өзіне ғана емес, балалары мен отбасына да зардабын тигізеді. Бұл қоғам үшін қауіпті құбылыс. Парламент Мәжілісінде мақұлданған «ҚР Конституциясының отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» заң жобасын Парламент депутаттары Мемлекет басшысының биылғы жылғы Ұлттық құрылтайда айтқан бас бостандығынан айырылған жүкті әйелдер мен кішкентай балалары бар әйелдердің жағдайына назар аудару туралы ұсынысын басшылыққа ала отырып, әзірлепті.

Құжатты қорғаған депутат Абзал Құспановтың айтуынша, заң жобасын дайындау барысында 2021 жылы қолданылған рақымшылық жасау тәжірибесі ескерілген. Алдымен, қателіктер жасаған, бірақ өкініп, өзінің мінез-құлқымен түзелу жолына түскенін дәлелдеген адамдар санаты қамтылмақ. Атап айтқанда азаматтар мен мемлекеттің қауіпсіздігіне елеулі қатер төндірмейтін қылмыстар жасағаны үшін сотталғандарды босату, яғни, қылмыстық теріс қылық пен онша ауыр емес қылмыс жасағандар, зиян келтіруге әкеп соқпаған, ауырлығы орташа қылмыс жасаған, не оны толық өтеген адамдар, залалдың немесе азаматтық талаптың болуына қарамастан, ауырлығы орташа қылмыс жасаған әлеуметтік жағынан осал адамдарды босату көзделген. Екіншіден, қылмыстық істерді, оның ішінде осы заң жобасы қолданысқа енгізілгенге дейін онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылатын адамдар жасаған қылмыстар туралы соттар қарамаған істерді тоқтату қарасты-

рылады. Бұл орайда ауыр және аса ауыр қылмыстар үшін өтелмеген жаза мерзімін қысқарту көзделіп отыр.

Сонымен қатар заң жобасында өзге де талаптар қарастырылды. Олар бойынша сеніп тапсырылған бөтен мүлкікті иемденіп алғаны немесе ысырап еткені, немесе аса ірі мөлшерде алаяқтық жасағаны үшін сотталған адамдар қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген залал мен оларға қойылған талап-арыздар толық өтелген жағдайда негізгі жазаның өтелмеген немесе орындалмаған бөлігінің мерзімдері немесе мөлшері бестен бір бөлікке қысқартылады.

Мемлекеттік құпияларды заңсыз жария етуге байланысты қылмыстар, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмысын жасаған адамдарға рақымшылық қолдануға шектеу қойылады.

Қазіргі уақытта бас бостандығынан айыру түріндегі жазаларды орындау жөніндегі ҚАЖ 63 мекемесінде және 16 тергеу изоляторында 40 мыңнан астам адам отыр. Олардың 33 мыңы сотталған және 7 мыңы тергеу қамауындағы адамдар. Сонымен қатар бас бостандығынан айырмайтын жазалармен сотталған 27 мыңнан астам адам пробация қызметінің есебінде тұр. Алдын ала есептеулерге сәйкес рақымшылық жасауға бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын 6 мың сотталған және пробация қызметінің есебінде тұрған 9 мың адам, барлығы 15 мың адам қамтылмақ.

Қылмыстық және пробация қызметінің есебінде тұрған атқару жүйелері мекемелерінен шамамен 632 адам, сондай-ақ пробация қызметінің есебінде тұрған 3,5 мың адам, яғни барлығы 4,1 мың адам бостандыққа шығады. Мұның сыртында қылмыстық жазасын өтеуге соңғы 1 жыл қалған, оң мінездеме берілген 1700-ден астам сотталған

азаматтар босап шығады. Бас бостандығынан айыру орындарындағы 5,4 мың сотталған адамға 5,5 мың адамға жазаның өтелмеген мерзімін саралап қысқарту қолданылады. Сонымен қатар, рақымшылық жасау әрекетіне әлеуметтік осал адамдар санатына 629 адам (барлығы 2373) жатады, олардың 57-сі босатылады және 572 адамның мерзімі қысқартылады. Бұдан басқа, заң жобасы қылмыстық жауапкершіліктен босатуды және сотқа дейінгі тергеу органдарының өндірісіндегі 2136 қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді тоқтатуды айқындайтын нормаларды қамтиды. Олар бойынша 1 773 адам тергеу органдарының шешімімен қылмыстық жауапкершіліктен босатылады, оның ішінде 99-ы тергеу изоляторларында, ал 1 674 адам бойынша соттар үкім тағайындау кезінде жаза мерзімін қысқарту және босату туралы заң жобасының ережелерін қолдану көзделген.

Сондай-ақ мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, рақымшылық жасалмайтын қылмыстардың тізбесі айқындалды. Қылмыстық-процестік кодекстің 476-бабының 15-тармағына сәйкес рақымшылық жасауды қолдану туралы түпкілікті шешімді сот әрбір сотталушыға қатысты жеке қабылдайды. Өз кезегінде заң жобасымен жергілікті атқарушы органдарға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатын адамдарды әлеуметтік бейімдеу және қайта әлеуметтендіру жөніндегі міндеттер жүктеледі. Қазіргі уақыттың шындығын ескере отырып, рақымшылық жасау мемлекеттік шығыстарды оңтайландыруға (жылына шамамен 5 млрд теңге) және жүктемені азайту есебінен ҚАЖ мекемелерінде сотталғандарды ұстау жағдайларын жақсартуға мүмкіндік береді.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»



қажетті құрал-жабдықтардың барлығымен қамтылған.

«Қолмен жасаған уақытта баланың қызығушылығы ашылады. Бала талпынады. Интернеттен басқа тәсілдер үйреніп, соны айтып, жасап жатады. Өз қолымен жасаған бұйымдар бәрібір өзгеше болады. Балалардың қызығушылығы басым. Телефоннан, теледидардан біршама үзіліс жасап, қолмен әр затты ұстап, тігінмен, тағам дайындауды үйреніп шығады»,–деп атап өтті №31 мектептің еңбек пәні мұғалімі Гүлнұр Алпамысызы.

Дәл осы білім ошағында 25 ерекше бала білім алады. Олардың 21-і бастауыш сыныпта оқиды. Логопед, дефектолог және психолог мамандар дамуында кідірісі бар балалармен жұмыс жасайды. Ерекше білімді қажет ететін оқушылар үшін білім ордасында сенсорлық, инклюзивті білім беру кабинеттері заманауи үлгіде жабдықталған.

Осы мектептің дефектолог-мұғалімі Малика Шахизаттың айтуынша, аптасына балалармен 2 рет жұмыс жасайды. Бір сабақ

ерекше баламен жеке, 2-шісі топпен жүргізіледі. Осылайша топпен қасындағы балалармен қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беріледі. Үш баланың қасында педагог ассистенті болады. Сабақ барысында сол маман сүйемелдеп отырады. Басқа балалар маман көмегін қажет етпейді. Өздері барлық тапсырманы біледі. Бастапқы білімі қалыптасқан.

Мектеп 53 заманауи пән кабинеттерімен жабдықталған. Жалпы аумағы 10 400 шаршы метрді құрайтын 900 орынға арналған жаңа білім ордасында 1928 оқушы білім алуа. Оларға 143 педагог сапалы білім береді. Оқушылардың шығармашылығын дамыту үшін STEM зертханалары, визуалды дизайн және хореография кабинеттері бар. Балалардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында мектепте садақ ату, би, робототехника, тоғызқұмалақ және басқа да спорттық үйірмелер жұмыс істейді. Жалпы, Маңғыстау облысында «Келешек мектептері» аясында ашылған білім ордасының дені осындай.

Жазира ҚУАНЫШБЕКҚЫЗЫ

ФОРУМ

Орал шаһарындағы «Атамекен» өнер ордасында «Заң мен тәртіп: өзара іс-қимыл басымдықтары және қоғамдық қауіпсіздік» атты форум өтті.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІПТІ НЫҒАЙТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН МАҢЫЗДЫ ДИАЛОГ



Облыстық прокуратураның бастамасымен ұйымдастырылған форум жұмысына облыс әкімі Нариман Төреғалиев, құқық қорғау құрылымдарының өкілдері, сот жүйесі, азаматтық қоғам институттары, білім беру ұйымдарының басшылары мен студенттер, сондай-ақ қоғам белсенділері қатысты. Аталмыш іс-шара Мемлекет басшысының «Заң мен тәртіп» қағидатын жүзеге асыру аясында ұйымдастырылды.

80 мың адамның күқы қорғалды

Облыс прокуроры Серік Шалабаев құқықтық мәдениетті арттыру, ауыр қылмыстар мен алаяқтықтың алдын алу бағытындағы жұмыстарды баяндап, мұндай кең көлемді, ашық пікір алмасу алаңы облысымызда алғаш рет өткізіліп отырғанын атап өтті.

«Бүгінгі форум – қоғаммен ашық диалог орнату, қауіпсіздік пен әділеттілікке негізделген тұрақты қоғам қалыптастыру жолындағы маңызды қадам. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қоғамда заң мен тәртіп үстемдік құруы тиіс», – деген еді. Бұл – ұлт қауіпсіздігі мен ел болашағының кепілі. Қоғамда заңға бағыну дәстүрі ежелден бар. Тәуке ханның «Жеті жарғысы», билер соты – соның дәлелі. Бүгінгі міндет – сол дәстүрді жаңаша жалғастыру. 2025–2030 жылдарға арналған «Заң және тәртіп» тұжырымдамасы бекітіліп, нақты мақсаттар белгіленді: құқық бұзушылықты азайту, мемлекеттік құрылымдар жұмысының ашықтығы, цифрлық шешімдерді енгізу,

қауіпсіз орта құру. Прокуратура жыл басынан бері 80 мыңнан астам адамның құқығын қорғады. Алимент төлемегендерге 5 қылмыстық, 111 әкімшілік іс қозғалып, 400 млн теңге өндірілді. Есірткімен күресте «STRIT of DOGS» интернет-дүкені жабылып, 552 сайт пен 812 есепшот бұғатталды. Екі өңіраралық есірткі арнасы тоқтатылды. Киберқылмыстар да өзекті. Биыл интернет-алаяқтық бойынша 426 іс тіркелді. Көбіне зейнеткерлер мен әлеуметтік әлсіз топтар зардап шегуде. Сондықтан IT мамандардың рөлі ерекше. Қоғамдық тәртіпті сақтау үшін «Қауіпсіз өңір» жобасы жүзеге асуда. Бұл – «сынған терезе» теориясына негізделген. Көшелерді жарықтандыру, абаттандыру арқылы құқық бұзушылықтар азайғаны байқалады. Қауіпсіздік – баршамызға ортақ міндет. Заң мен тәртіп – тек құқық қорғау құрылымдарының ғана емес, бүкіл қоғамның ұстанымы болуы тиіс», – деді облыс прокуроры Серік Шалабаев.

Ішiмдік сатылмайтын ауылдарда қылмыс тiркелмеген

Қазіргі уақытта алаяқтық, есірткі саудасы, лудомания сияқты келеңсіз құбылыстар қоғамды алаңдатып отыр. Осы келеңсіздіктермен белсенді күресу мақсатында «2025–2030 жылдарға арналған «Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету тұжырымдамасы» бекітілді. Бұл бағытта Батыс Қазақстан облысы әкімдігі жоспар құрып, халық арасында өз жұмысын бастап кетті. Облыс әкімі Нариман Төреғалиев заң мен тәртіп – азаматтық қоғамның кемел болашағы екендігін алға тартып, тұжырымдама негізінде атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

– Осы тұжырымдама бойынша, біздің айрықша мән беретін үш бағытымыз бар. Біріншіден, сыбайлас жемқорлық және лауазымды тұлғалардың теріс әрекеттеріне тосқауыл қою. Бұл бағыттағы жүйелі жұмыстарды күшейте беруіміз керек. Екіншіден, әлеуметтік-экономикалық мәселелер – жұмыссыздық, табыстың төмендігі және білім деңгейін арттыру бағытындағы жұмыстар. Облыста ресми жұмыссыз ретінде 17 838 адам тіркелген, олардың 10 688-іне мемлекеттен қолдау көрсетіледі. Білім деңгейін жоғарылату, оның ішінде жастарға сапалы құқықтық тәрбие берудің рөлі ерекше. Атап айтқанда, «заң және тәртіп» қағидаты аясында облыс көлемінде жастармен 27 кездесу өткізілді. Үшіншіден, мәдени ерекшеліктер мен дәстүрлік түсініктерді кеңінен қолдану. Көптеген ауылдық жерлерде дау-жанжалдарды ақсақалдар кеңесі және қоғамдық ұйымдардың

көмегімен шешу дәстүрі сақталған. Бұл – өте дұрыс үрдіс. Кей сұрақтарды сотқа дейінгі медиация сатысында шешуді белсенді қолдануымыз қажет. Мәселен ақсақалдар кеңесі институтының көмегімен, облысымызда алкоголь өнімдерін саудалаудан 22 елді ме-



кен бас тартқан. Оның ішінде Сырым ауданының Жетікөл, Жәнібек ауданының Тегісшіл, Шыңғырлау ауданының Қарағаш ауылдарында соңғы үш жылда бірде-бір қылмыс тіркелмеген. Бұл – елге үлгі боларлықтай көрсеткіш, – деп атап өтті облыс әкімі Нариман Төреғалиев.

Облыста қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жұмыстарына 374 азамат араласып, белсенділік танытқан. Олардың көмегімен 36 қылмыс ашылып, 465 әкімшілік құқық бұзушылық тіркелген. 2024 жылы 113 қоғамдық көмекші ақшалай сыйақымен марапатталған. 2025 жылға бұл мақсатқа жергілікті бюджеттен 3,9 млн теңге бөлінді. Бұдан бөлек, шалғайда жүрген ауыл тұрғындарына құқықтық көмек беру мақсатында әр ауданда құқықтық кабинеттер жұмыс істейді. Жыл сайын әкімшілік және құзырлы құрылымдар тарапынан ұйымдастырылатын «Халық заңгері» жобасы да азаматтарға үлкен септігін тигізуде. Тұрғындар жер, үй мәселесінен бастап, нотариус, сот мәселелеріне байланысты өз сұрақтарына жауап алуда. Сондай-ақ Мемлекет басшысының өңірлерде азаматтарды қабылдау орталықтарын кеңейту бойынша тапсырмасын орындау мақсатында былтырдан бастап, облыс орталығында, Ақжайық, Бәйтерек, Бөрлі, Жаңақала, Шыңғырлау және Тасқала ауданы әкімдері аппараттары жанынан азаматтарды қабылдау орталықтары құрылды. Қарапайым тұрғындардың мәселесін шешу, оларға құқықтық бағытта көмек көрсету

мақсатында ашылған орталық жұмысының нәтижесінде биылғы бес айда орталықтан 12 мыңнан астам азамат өз сұрақтарына жауап алған.

Балалар қараусыз қалмасын!

Облыстық Полиция департаментінің бастығы Арман Оразалиевтің айтуынша, соңғы кездері балалардың қатысуымен болатын жол-көлік оқиғалары алаңдаушылық туғызуда. Биыл бес айда өңірде 146 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, оның салдарынан 173 бала әртүрлі дене жарақатын алып, 4 бала жол бойында қаза тапты.

– 2025–2030 жылдарға арналған «Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету тұжырымдамасының» негізгі бағыттарының бірі – кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу. Кәмелетке толмағандар жасайтын қылмыс саны 30%-ға яғни, 30-дан 39-ға дейін өсіп отыр. Жазғы демалыс кезінде кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта ересектердің қарауынсыз тұрғын-жайдан тыс жерлерде жүруі көбейеді. Жыл басынан бері дәл осындай 2774 дерек анықталып, заңды өкілдері жауапкершілікке тартылды. Сонымен қатар 35 кәсіпкерлік субъектісіне балалардың ойын-сауық орындарына кіруіне жол бергені үшін әкімшілік хаттама толтырылды. Полиция департаменті тарапынан жұмыстар күшейтіліп – лагерьлерде, су айдындарында, демалыс саябақтарында, ойын-сауық орталықтарында, көшелерде құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге барлық қажетті шаралар қабылданды. Баланың қауіпсіздігі – әр ата-ананың тікелей міндеті!, – деген облыстық полиция департаментінің бастығы Арман Молдиярұлы ата-аналарға балаларды қараусыз қалдырмау қажеттігін ескертті.

Форумда қылмысты азайтуға бағытталған ауылдық бастамалар үлгі ретінде ұсынылды. Жәнібек ауданы Борсы ауылдық округінің әкімі Зинхар Бақтығалиев алкогольден өз еркімен бас тартқан елді мекендер тәжірибесімен Алексее, «Алтын Алма» базарының басшысы Александр Елькин бет-әлпетті тану жүйелері орнатылған интеллектуалды бейнебақылау құралдарының тиімділігін атап өтті. Алқалы жиында облыс прокурорының аға көмекшісі Шахзада Әлібекова «Қауіпсіз өңір», Эстетикалық бағыттағы қалалық гимназия түлегі Марат Есенов «Мектеп медиациясы» жобасын көпшілік назарына ұсынса, «Komek Stop Bullying» жобасының жетекшісі Айжан Сабурова балалар арасындағы буллингке қарсы іс-шаралар туралы айтып берді.

Форум аясында қоғамдағы қауіпсіздікті нығайтып, құқықтық мәдениетті қалыптастыруға үлес қосып жүрген бірқатар азаматтар облыс әкімі, облыстық прокуратура, облыстық Полиция департаментінің Алғысхаттарына ие болды.

Ел ішінде заң мен тәртіпті нығайтуға, құқықтық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған маңызды диалог алаңына айналған форум соңында қатысушылар шынайы оқиғаларға негізделген «Набат операциясы» көркем фильмін тамашалады.

Айгерім ҒАЛЫМ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

АССАМБЛЕЯ

ӘЙЕЛ – ҰЛТТЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ

ЕЛОРДАДА АНАЛАР КЕҢЕСІНІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Бас қаладағы Достық үйінде салтанатты басқосу өтті. Астанада Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесінің кеңейтілген отырысы ұйымдастырылды. Іс-шара «Әрекет алаңы» жобасы аясында және Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIII сессиясына орай өткізілді. Кеңейтілген отырыс Inspirational Talks форматында өрбіп, қоғамдағы әйел рөліне ерекше назар аударылды. Спикерлер әділетті әрі тұрақты қоғам қалыптастыруда әйелдердің белсенді атқарып отырған миссиясына тоқталып, отбасылық құндылықтарды сақтау, ұрпақ тәрбиесі мен азаматтық белсенділік сынды өзекті мәселелерді ортаға салды.



Алқада жиынның алғы сөзі Астана қаласы ҚХА Аналар кеңесінің төрайымы Алтынай Танирбергеноваға берілді. «Әрекет алаңы» кеңейтілген отырысы биыл бірінші рет ұйымдастырылып отыр. Десе де дөң-

гелек үстел басына жиналғандардың әрқайсысының қоғамда өзіндік рөлі бар қатысушылармен көптен бері қоян-қолтық бірлесе жұмыс атқарып келеміз. Бұл жолы «Салауатты сана» бағдарламасын талқылап, күш-жі-

герімізді қоғамдағы лудомания, наркомания, ысырапшылық, отбасын бұзатын өзге де мәселелердің алдын алуға біріктіріп, Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қоймақпыз», – деді ол.

Әйелдер үні еститін алаң

Іс-шараға мемлекеттік органдардың өкілдері, үкіметтік емес ұйым-



дар мүшелері, қоғам қайраткерлері мен түрлі салада белсенділік танытып жүрген әйел азаматтар, бас-аяғы басқосуға елуге жуық жан қатысты. Олар өз тәжірибелерімен бөлісіп, заманауи қоғамда әйелдің

тек отбасының ғана емес, бүкіл ел дамуының тірегі екендігін алға тартты. Аналар кеңесінің мүшелері отбасы институтын нығайтудың, ұлттық тәрбиені сақтап қалудың және әйелдердің әлеуметтік рөлін арттырудың маңыздылығын атап өтті. Өз сөзінде баяндамашылар Қазақстан халқы Ассамблеясы аясындағы бірлік пен ежелденгі негізі ретінде аналардың үнін есту, олардың бастамаларын қолдау қажеттігіне тоқталды.

Ынтымақтастық – береке бастауы

Отырыс аясында ерекше жоба – «Салауатты сана» бастамасының шеңберінде бірқатар ұйымдар арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Бұл меморандум елордадағы Аналар кеңесін, Астана қаласы әкімдігі жанындағы

Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияны, «AMANAT» партиясының қалалық филиалы жанындағы әйелдер қанатын, сондай-ақ бірқатар қоғамдық ұйымдарды біріктірді. Ай-

тайық, келісімге қол қойғандар қатарында Әлеуметтік инноваторлар қауымдастығы, «Creative & Innovation Institute» Орталық Азияның орнықты даму Қоғамдық Қоры, «Қазақстан психологтар одағы» ЖКМЗТБ, «Ұлт қазынасы» қоғамдық бірлестігі бар. Басты мақсат – ортақ жобалар арқылы аналардың психологиялық және әлеуметтік қолдауын күшейту, ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, қоғамдық өмірге әйелдердің үлесін арттыру.

Рухани мұра мен ұлттық өнердің сабақтастығы

Жиын әрі қарай шеберлік сабағымен жалғасты. Қатысушылар қазақ әйелінің символына айналған «Ұмай ана» бейнесін жасау арқылы қолөнердің қыр-сырымен танысты. Сайып келгенде, бұл іс-шара тек шығармашылық шеберлік емес, ұлттық болмыс пен тарихи дәстүрге деген құрметтің де белгісі болды. Шеберлік сабағына қатысушылар дәстүрлі өнерге қызығушылықтарын білдіріп, қазақ халқының мәдениеті мен рухани мұрасына терең бойлауға мүмкіндік алды. Ұмай ана бейнесін жасау арқылы ұлттық сана мен аналар рөлінің байланысы нақты көрініс тапты.

Аналар кеңесінің бұл отырысы қоғамдағы ең маңызды құндылық – отбасы мен ананың рөлі төңірегінде салмақты ой, салиқалы пікір алмасуға жол ашты. Әйел – ұлттың ұйытқысы екенін тағы бір дәлелдеген бұл басқосу болашақта да бірлік пен татулықты, рухани сабақтастықты нығайта түсетін игі бастамалардың негізі болары сөзсіз.

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

ПАЙЫМ

Президент Қ.Тоқаев өзінің жыл сайынғы халыққа жолдаған үндеуінде «заң мен тәртіп» мәселесіне айрықша тоқталды, арнайы талдап, осы мәселе бойынша болашақтағы істерге бағыт береді. Соңғы жолдауларының бірінде «Тағы бір маңызды міндет – есірткі саудасына және нашақорлыққа қарсы күрес. Бұл – ұлттың генетикалық қорын аман сақтап қалу мәселесі деген сөз» – деді.

ЖАСТАРЫ ЖАСАМПАЗ ҰЛТТЫҢ ҰПАЙЫ ТҮГЕЛ

Біз осыған дейін қажетті заңнамалық шараларды қабылдадық. Бірақ, нақты нәтижеге қол жеткіздік деуге әлі ерте. Әрбір мемлекеттік құрылым, әсіресе, құқық қорғау органдары тиімді жұмыс істеп жатыр деп айта алмаймыз. Есірткі мәселесі ушығып барады. Өкінішке қарай, елде бұл індетке қарсы жаппай күрес жүріп жатса да, ол кесел әлі күнге толықтай ауыздықталған жоқ. Сондықтан жастарды саналы, таза, адал, әділетті қылып тәрбиелеумен қатар, кез келген қазақстандықтың бойында оларды осындай көлденеңнен келетін кесапаттардан сақтандыру міндеті тұруы керек.

«Біз заң мен тәртіп, білім мен парасат үстемдік ететін қоғам құруымыз керек. Азаматтары, әсіресе жастары мәдениетті, жаңашыл әрі жасампаз ұлттың ұпайы түгел. Сондықтан біз өркеніетті ел болуға кедергі жасайтын жағымсыз әдеттерден арылуымыз қажет. Вандализмге, лудоманияға тосқауыл қоятын заңдар қабылданды. Вейпке, яғни, электронды темекіге тыйым салынды. Қабылданған шаралардың нәтижесі қазірдің өзінде көрініп жатыр. Әлеуметтік кеселдің бәрімен тұтас жұрт болып жұмыла күресу қажет» – дейді тағы бір тұста Президент.

Ендеше, баланы мұндай келеңсіз, өміріне қауіп төндіретін теріс әдеттерден сақтандырудың жолы қайсы? Ол әрине, ең алдымен терең, таза, тұнық білімге ұмтылдыру. Заң мен тәртіпті сыйлап, ел заңдарын



құрметтеп өскен жасөспірім теріс әдет пен үлкен бақытсыздықтарға ұрындыратын «дерттерден» алыс жүреді.

Тәуелсіз қоғамда заң мен тәртіп үстемдік құрған кезде ғана қауіпсіз мемлекет қалыптасады. Ол үшін бізге білімді, мықты жастар қажет. Өзіне сенімді жасөспірім ғана алаяқтыққа, ұрлық-қарлық, төбелес секілді сан қилы бұзақылықтарға ұрынбайды. Бос уақыты аз, айналысатын ісі, қызығушылығы жан-жақты бала ғана қоғамға пайдалы, жанашыр болады.

Құзырлы органдардың бәрі заңды сыйлайтын жұртқа, әлі ақыл ойы толық толыса қоймаған жасқа

зардабын тигізіп жатқан алаяқтық және сол сияқты басқа да заңсыз әрекеттерге, соларды жасаушыларға қарсы батыл шаралар қабылдауға тиіс.

Занды сыйлаған, оған бағынып, мойынсынған қоғам ғана сапалы әрі саналы, зейінді ұрпақ тәрбиелейді.

«Тәртіпке бағынған құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» дейді халық даналығы. Балаға кішкене кезінен сіңетін адалдық, әділдік, қылмысқа, жемқорлыққа, нашақорлыққа төзбеу принциптері оны есейе келе көптеген келеңсіз қауіптен құтқарады. Зиялы, білімді, сауатты ұрпақ қана елді көркейтуге, өзіне ғана емес, бүкіл еліне қамқор болуға ұмтылады.

**А.ІЗІМБЕРГЕН,
Маңғыстау облысы
мамандандырылған
ауданаралық экономикалық
сотының сот әкімшісі
міндетін атқарушы**

СОТ СӨЙЛЕСІН

СУДЬЯ – СОТ ПРОЦЕСІНІҢ АЙНАСЫ

Сот процесі кезінде сот төрелігін жүзеге асыратын тұлға – судья. Сот төрелігі Қазақстанның атынан жүзеге асырылатын болғандықтан оның шығарған сот шешімі, өзін ұстауына қарай тұтас салаға деген көзқарас қалыптасады. Судья ел Конституциясы мен заңдарға ғана бағынып қоймай, біліміне, адамгершілік және моральдық кескін-келбетіне қойылатын жоғары талапқа сай болуы керек. Сондықтан судьялардың Әдеп кодексі қоғам қажеттілігіне, уақыт сұранысына, азаматтардың талап-тілегіне сай жетілдіріп, жаңғыртып отыруды қажет етеді.

Кодексте айқындалғандай, судья берген антына берік болып, кез келген іс-әрекетті жүзеге асырған уақытта оғаш көріністерге жол бермей, әдеп нормаларын мүлтіксіз сақтауға тиіс. Сондай-ақ судья сот билігінің беделін түсіретін және судьяның абыройына нұқсан келтіретін барлық теріс іс-әрекеттен бойын аулақ ұстауы шарт екені құжатта жан-жақты белгіленген. Сондықтан да судья қоғамның сот жүйесіне деген сенімін қалыптастыру мақсатында өзінің біліктілігімен, жүріс-тұрысымен жоғары стандарттарға сай болып, тәуелсіз сот төрелігін қамтамасыз етуге бар күш-жүгерін жұмсауы шарт. Соңғы кездері елімізде жиі өткізіле бастаған онлайн сот отырыстары да еліміздегі судьялардың тікелей эфир кезінде өзін қалай ұстауы қажет екенін көрсетіп берді. Еш тарапқа болыспай, өзін бейтарап ұстап, асқан сабырлылықпен әділдікке жетуге тырысқан судьялардың көрінісі көпшілікті сүйсінтті. Әдеп кодексі судьяларға қойылатын талаптарды күшейтіп, олар-

дың сот төрелігін жүзеге асыру барысындағы ғана емес, отбасында және тұрмыста өзін ұстау әдептерін белгілеуімен де құнды болып отыр. Егер судья отбасындағы, қоғамдағы теріс әрекетімен айналасында өзі туралы жағымсыз пікір қалыптастыратын болса, мұндай судьяның шығарған шешімі, үкімі заңды, негізді болғанына қарамастан, халықтың сенімсіздігін тудыруы әбден мүмкін. Осыған орай әрбір судья әдептілік қағидатын мықты ұстануы қажет. Яғни, төрелік жасаған судьяның адамгершілік қасиеттері мен құқықтық мәдениетінің деңгейі сот жүйесіне деген сенімнің орнауына негіз болады. Ал шешім қабылдау кезінде іс жүргізу заңнамаларының талабын бұзып, іс жүргізу мерзімін сақтамаған, жат қылықтарымен ерекше көзге түскен судья сот жүйесінің беделіне нұқсан келтіреді.

Бір сөзбен айтқанда, еліміздің судьяларына әрқашан білікті ғана емес білімді, әрбір айтқан сөзімен халықты сендіре алатындай адал, сот шешімдері «қара қылды қақ



**А. ШАМУРАТОВ,
Қонаев қаласының әкімшілік
құқық бұзушылықтар
жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының
судьясы**

жарғандай» әділ болу талабы қойылып отыр. Судьяларға қойылар талаптың жоғарылауы нәтижесінде қазір бұл салада іріктеліп, екшелген нағыз өз саласының мамандары қалыптасып келеді деп айта аламыз. Судьяларға қойылар талаптың күшеюі еліміздегі сот шешімдерінің де сапасын арттырып, әділ қоғам орнатуға ықпал етеріне сенеміз!

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ҚАТЕР

ҚАУІП ҚАЙДАН ДЕМЕНІЗ!

Түркістан облысында шомылу маусымы басталғаннан бері 29 адам суға батып кеткен. Қаза болғандардың 13-і бала. Жалпы оқыс жағдайдың 95 пайызы тыйым салынған жерде суға түскен екен.

Осыған орай Кентау қалалық полиция бөлімі мен төтенше жағдайлар қызметкерлері судағы қауіпсіздікті күшейту мақсатында профилактикалық жұмыстарды жүргізуде. Мамандар аудан-қалалардағы каналдар мен арықтарда, жағалау маңын тексеріп, рұқсат етілмеген жерде шомылған тұрғындарға айыппұл салуда, әйтсе де күннің аптап ыстығына шыдай алмаған тұрғындар тыйым салынған жерлерде шомылуын тоқтар емес.

Түркістан облысында жазғы шомылу маусымы ашылғалы бері осы бағытта ауқымды шаралар ұйымдастырылуда. Мәселен, өзендер мен каналдардың бойында орналасқан тұрғын үйлерді аралап, түсіндірме жұмыстары өткізілді.

Кентау қаласына қарасты Хантағы тауының бөктерінде орналасқан өзеннің бұл аумағында шомылуға тыйым салынған. Бірақ, тауға келіп демалушылар соған қарамастан шомылады. Кентау қалалық төтенше жағдайлар бөлімінің офицері Ақтөре Сүйінбай ата-анасын қарауынсыз жүрген екі жасөспірімді анықтады. Олар ата-анасы жұмыста кезде ауыл бөктеріндегі өзенге келіп суға түсіп жүрген. Профилактикалық тексеру жұмысы кезінде қалалық полиция бөлімінің тәртіп сақшылары оларды полиция бөлімшесіне жеткізді. Екі баланың ата-анасын шақырып, әкімшілік хаттама толтырды. Ал, ескертуді елемегендерге әкімшілік жаза қолданылады. Жыл басынан бері Түркістан облысында рұқсат етілмеген жерде суға түскен 53 адамға 729 мың теңге көлемінде айыппұл салынған. Бірақ балаларды суда қараусыз қалдырып, мас күйде шомылатындардың қарасы әлі де көптеп кездеседі.

Мамандардың сөзіне қарағанда шомылуға тыйым салынған жерге қойылған белгіге немесе қоршауға да қарамай шомылатындар жоқ емес. Министрлік өкілдерінің мәліметінше, елімізде 600-ден астам рұқсат етілген және 500-ге жуық шомылуға тыйым салынған су айдыны бар. Ал ажалы судан болған қайғылы жағдайлардың статистикасы көңіл көншітпейді. Соңғы 4 жылда 843 адам суға батып кеткен, оның 260-ы бала.

– Әрине, қазір жаз мезгілінде адамдар демалыс аймағына келіп шомылғанды ұнатады. Дегенмен де шомылуға тыйым салынған белгіге қарамайтындар көп. Тыйым салынған жерде шомылудың салдары қайғылы оқиғаға алып келуде. Далада ойнап жүрген балалар ата-анасына айтпай шомылуға кетіп, суға батуда. Сол үшін балаларға шомылу ережесі мен шомылуға тыйым салынған белгі тұрған жерде суға түсуге болмайтынын айтып түсіндіруіміз керек. Суға шомылу маусымы кезінде рейдтік шараға көп шығамыз. Судағы қауіпсіздік ережелерін бұзушыларға әкімшілік әсер ету су айдындарындағы оқиғалардың санына оң нәтиже беруде. Өздеріңіз, жақындарыңыз және балаларыңыз судан жапа шегудің алдын алу үшін, судағы қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет, – деді Кентау қалалық полиция бөлімі бастығының тәрбие және кадр жөніндегі орынбасары, полиция полковнигі Сапарғали Апашов.

Шомылу кезеңі 1 маусымнан басталды. Мамандар сол кезде рейдтік шараларды одан әрі күшейткен. Жағажайларда кезекшілік ұйымдастырылып, рұқсат етілмеген жерлер жіті бақылануда.

Кентау қаласы Төтенше жағдайлар бөлімінің офицері Ақтөре Сүйінбай тұрғындарға бірнеше кеңес берді. Оның сөзіне қарағанда біріншіден, балаларды су айдындарының жанында қараусыз қалдыруға болмайды және ересектердің қарауынсыз шомылуға жол бермеу қажет. Балаларды жүзуге үйрету керек екен. Екіншіден, бейтаныс және шомылуға жабдықталмаған орындарда, сондай-ақ «Шомылуға тыйым салынады», «Сүңгуге тыйым салынады», «Қауіпті! Иірім» деген белгілер орнатылған жерлерде суға түспеген жөн.


– Жасөспірім балалар судың тереңдігіне де, ұзақтығына да қарамай жүзіп кете береді. Ал жүзіп кете бергеннен кейін, өзінің өкпесінің ауа қысымы тарылған сайын артқа қайтуға шамасы-мұршасы келмей қалады. Ал одан да сорақысы кішкентай балалар ата-ананың бейқамдығынан суға батып кетіп жатыр. Мас күйде шомылмаңыз. Жүзудің шекарасын белгілейтін қалтқылардан асып кетпеңіз. Шағын көлемді кемелерге және басқа да жүзу құралдарына жақын жүзіп бармаңыз. Тексерілмеген және жабдықталмаған жерлерде сүңгімеңіз. Жүзу құралдарына құтқару күртешесінсіз отырмаңыз. Жүзуге арналмаған заттармен жүзбеңіз. Қайықтардан, катерлерден, айлақтардан, жартастардан, паралеттерден, қоршаулардан және басқа да заттардан, сондай-ақ осы мақсаттарға бейімделмеген құрылыстардан суға секірмеңіз, – деді Кентау қалалық төтенше жағдайлар бөлімінің офицері Ақтөре Сүйінбай.

Өкінішке қарай, атқарылып жатқан ауқымды шараларға қарамастан өткен жылы облыста 37 адамның суға кету жағдайы тіркелген. Олардың ішінде 21-і кемелет жасына толмағандар болып отыр. Балалардың суға батып қайтыс болуының басты себебі – үлкендердің қарауынсыз қалуы және белгіленбеген жерлерде суға түсуі. Су айдындарының жанында балаларды қараусыз қалдыру – қауіпсіздік қағидаларын бұзу.

Қазіргі таңда полиция қызметкерлерімен бірлесе отырып жүргізілген рейд жұмыстарының барысында, жыл басынан бері, тыйым салынған жерлерде шомылған 56 жеке тұлғаға 729 мың теңге айыппұл салынған. Бұл бағыттағы түсіндірме жұмыстар қарқынды жүруде. Ата-аналардың чаттарына судағы қауіпсіздік бейнероликтері әзірленіп, барлығына жіберілуде. Жазы ыстық өңірде суға шомылуға рұқсат етілген орындардың аз екені рас. Өткен жылы осындай 27 орын мен 14 жағажай белгіленсе, биыл оның санын 70-ке жеткізу көзделіп отыр. Бірақ соған қарамастан қауіпсіздік шараларын сақтамай, суға мас күйінде түсетіндер көп. Ал Түркістан облысында өткен шомылу маусымында қауіпсіздікті сақтамаған 16 адам суға кеткен. Оның 5-уі бала.

Арнайы мамандар тарапынан ескертулер, түсіндірме жұмыстары қарқынды жүріп жатыр.

Раушан ПЕРНЕХАНҚЫЗЫ



(Соңы. Басы 1-бетте)

– **Медицина саласында қызмет етудің қиындығы неде?**

– Медицина саласында еңбек етіп келе жатқаным а отыз жылға жуық уақыт болыпты. Оның ішінде он бес жыл бойы бас дәрігер ретінде жауапты қызмет атқарып келемін. Алғашқы еңбек жолымды аймақтық бала дәрігері болып бастадым, со-сын бөлім басшысы, бас дәрігердің орынбасары, содан бері бұл салада үздіксіз еңбек етіп келемін. Басты мқсатым – мемлекет тарапынан жүктелген міндеттерді сапалы орындап, халық денсаулығын жақсартуға үлес қосу. Әрбір азаматқа сапалы медициналық қызмет көрсету, емделушілердің жағдайын бақылауда ұстау – біздің тікелей міндетіміз. Сонымен қатар, медицина саласына енді қадам басқан жас мамандарды тәрбиелеу – өз алдына бір үлкен миссия. Оларды еңбекқорлыққа, адамгершілікке баулу, кәсіби білімін тереңдетуге қолдау көрсету – бүгінгі күні мен үшін аса маңызды. Өйткені ертеңгі сапалы медицина – бүгінгі жас дәрігерлердің тәжірибесі мен тәрбиесіне тікелей байланысты. Адам денсаулығымен өзектес болғандықтан, медицина саласында еңбек ету оңай емес. Дәрігер болу – жүректің қалауы. Үнемі ізденіп, адам жанын түсіне білетін, өз мамандығына шын берілген, қиындыққа мойымайтын жандар ғана бұл салада тындырымды еңбек етіп, емделушілер алғысына ие болады.

– **Мемлекеттік емханалар мен жекеменшік емханалардың айырмашылығы неде?**

– Мемлекеттік пен жекеменшік емхананың айырмашылығы – тек «ақылы ма, тегін бе» дегенге ғана келіп тірелмейді. Айырмашылық тереңірек. Мемлекеттік емханалар – халық үшін. Бізге тіркелген азаматтар емханадағы қызметтердің басым бөлігін тегін алады. Бұл – мемлекет қамтамасыз етіп отырған әлеуметтік көмек. Яғни, сіз ай сайын жалақыдан әлеуметтік медициналық сақтандыру үшін ақша төлейсіз – біз сол қаражат арқылы сізге қызмет көрсетеміз. Мысалы, сіз қан тапсырасыз, терапевке барасыз, УЗИ жасатасыз – бұның бәрі тегін. Ал жекеменшік емханаларда

барсаңыз да, дәрігердің адамгершілігі мен кәсібилігі бәрінен маңызды. Ең жақсы дәрігер – науқастың жанын түсінетін, жүрекпен жұмыс істейтін маман.

– **Елімізде жекеменшік емханалардың құрылуына не түрткі болды?**

– Жекеменшік емханалардың пайда болуына бірнеше себеп, бірнеше мәселе түрткі болды. Бұл – еліміздің денсаулық сақтау жүйесінің дамуының бір бөлігі, заман талабынан туған қажеттілік деуге болады. Соңғы жылдары халық саны өсті, адамдардың өмір сүру ұзақтығы артты, түрлі аурулар көбейді. Сол кезде бір ғана мемлекеттік жүйе бәріне бірдей, жылдам әрі сапалы қызмет көрсете алмады. Халыққа таңдау керек болды: «Тегін, бірақ кезек күтіп» неме-



Айнұр МОЛДАХЫНОВА, «Азиямед» медициналық орталығының бас дәрігері:

«ДӘРІГЕРЛЕР ТЕК ЕМДЕУМЕН ЕМЕС, ЖОҒАРЫ МӘДЕНИЕТІМЕН ДЕ ЕРЕКШЕЛЕНУІ КЕРЕК»

Жекеменшік емханалардың пайда болуына бірнеше себеп, бірнеше мәселе түрткі болды. Бұл – еліміздің денсаулық сақтау жүйесінің дамуының бір бөлігі, заман талабынан туған қажеттілік деуге болады. Соңғы жылдары халық саны өсті, адамдардың өмір сүру ұзақтығы артты, түрлі аурулар көбейді. Сол кезде бір ғана мемлекеттік жүйе бәріне бірдей, жылдам әрі сапалы қызмет көрсете алмады. Халыққа таңдау керек болды: «Тегін, бірақ кезек күтіп» немесе «Ақылы, бірақ тез» қызмет алу. Сондықтан, нарықтың өзі жекеменшік емханаларды қажет етті.

құқықтары мен міндеттерін білуі өте маңызды ғой?

– Әрине. Біздің міндетіміз – тек емдеу емес, сонымен қатар халықтың медициналық сауатын арттыру. Себебі өз денсаулығына жауапкершілікпен қарайтын, заң мен жүйені білетін адам ешқашан да назардан тыс қалмайды.

– **Дәрігерлердің үстінен шағым айтушылар көп пе?**

– «Мүлде шағым болмайды» десем, шындыққа жанаспайтын шығар. Кейде тұрғындар тарапынан белгілі бір дәрігердің дөрекі сөйлегені немесе сұрақтарға мар-

дықпен, үлкен жауапкершілікпен қарауды талап етеміз.

– **Заманауи құрылғылармен қаншалықты қамтылғансыздар?**

– Бүгінде емханамыз заманауи медициналық құрал-жабдықтармен 100 пайыз дерлік қамтамасыз етілген деп сеніммен айта аламын. Бізде ультрадыбыстық зерттеу (УЗИ), электрокардиография (ЭКГ), жүрек ультрадыбысы (ЭХО), асқазан-ішек тексерісіне арналған фиброгастро-скопия (ФГДС), рентген, сондай-ақ кең көлемді қан және несеп талдауларын жасауға арналған заманауи лабораториялық құрылғылар бар. Бұл құрылғылар бірнеше бөлімшеде орналасқан, сондықтан науқастар ұзақ күтпей, жедел әрі сапалы қызмет ала алады.

– **Ал компьютерлік томография (КТ) мен магниттік-резонанстық томография (МРТ) секілді құрылғылар бар ма?**

– Өкінішке қарай, емханамызда қазіргі таңда КТ мен МРТ аппараттары жоқ. Бұл – біз орналасқан ғимараттың құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты. Мұндай ауыр әрі

күрделі құрылғыларды орнату үшін арнайы жертөле немесе жеке тұрған ғимарат қажет. Ал біз төртінші қабатта орналасқандықтан, мұндай техниканы орналастыру техникалық тұрғыдан мүмкін емес. Алайда басқа қажетті құрылғылардың барлығы емханамызда толық бар. Егер науқастарға КТ немесе МРТ қажет болса, біз оларды арнайы бағыттап, келісімшарт негізінде қызмет көрсететін серіктес орталықтарға жібереміз.

– **Дәрігерлердің біліктілігін арттыру бағытында қандай жұмыстар атқарылуда?**

– Білікті дәрігер – сапалы медициналық қызметтің негізі. Сондықтан емханамызда медицина қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыруға ерекше көңіл бөлінеді. Қазіргі заңнамаға сәйкес, әрбір дәрігер бес жыл сайын міндетті түрде біліктілігін арттыратын курстан өтуі тиіс. Осы талапқа сай, біз дәрігерлерді кезекпен, жоспарлы түрде оқуға жіберіп отырамыз. Әр маман бес жыл ішінде кемінде бір-екі рет арнайы курстарға қатысады. Сонымен қатар, ұжым ішінде апталық немесе ай сайынғы әдістемелік сабақтар өткіземіз. Бұл сабақтарда тәжірибе алмасу, жаңа медициналық хаттамалармен танысу, күрделі клиникалық жағдайларды бірге талдау жұмыстары жүргізіледі. Бұдан бөлек, медицина саласына қатысты түрлі конкурстар мен конференцияларға қатысу арқылы дәрігерлердің кәсіби өсуіне жол ашамыз.

– **Яғни, үздіксіз білім алу – ұжымның бір ұстанымы ғой?**

– Дәл солай. Медицина – күн сайын дамып жатқан сала. Жаңа технологиялар, заманауи емдеу тәсілдері, халықаралық стандарттар – мұның бәрінен қалыс қалмау үшін дәрігер үнемі оқып, ізденіп отыруы керек. Сондықтан біз өз мамандарымызды тек жұмысқа ғана емес, дамуға да ынталандырып келеміз.

– **Сұхбат соңында медицина саласына қадам басқан жастарға айтар кеңесіңізді білсек.**

– Медицина – жүрекпен атқарылатын мамандық. Бұл саланы таңдаған әр жас ең алдымен адам өміріне жауапты екенін терең сезінуі керек. Кәсібінді сүйсен, үнемі үйренуден, ізденуден жалықпасаң – жақсы маман болуға барлық мүмкіндік бар. Ең бастысы – адалдық пен адамгершілік. Себебі, науқасқа тек дәрі ғана емес, жылы сөз бен шынайы жанашырлық та қажет. Ал біз, аға буын ретінде, әрқашан бағыт беруге, қолдау көрсетуге дайынбыз.

– **Уақыт тауып ой бөліскеніңізге рақмет!**

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»



мұның бәрі ақылы. Кейбір қарапайым тексерулердің өзі 5-10 мың теңгеден басталады. Иә, рас. Мемлекеттік емханада кейде ұзын-сонар кезек болады. Таңертең келіп, біраз уақыт күтуге тура келеді. Себебі бізге күнде жүздеген адам келеді – зейнеткерлер, балалар, аяғы ауыр әйелдер, созылмалы ауруы бар науқастар... Жекеменшік емханаларда бәрі жазылумен, кезек аз, тез қабылдайды. Бірақ ол үшін төлеуің керек. Бізде, мемлекеттік емханада, дәрігерлер халықпен көп жылдан бері жұмыс істеп келеді. Науқасты танимыз, баласының да, әжесінің де жағдайын білеміз. Адаммен жылы сөйлесіп, қолдан келген көмекті аямаймыз.

Жекеменшік емханаларда көбіне заманауи техника бар – жаңа УЗИ, рентген, зертхана т.б. Кейбір күрделі анализдер мен процедуралар жылдам жасалады. Бірақ қазір заманнан қалмай, мемлекеттік емханаларға да жаңа жабдықтар келіп жатыр. Қызметтің сапасын көтеріп, жүйені цифрландыруға көбірек мән берудеміз. Мемлекеттік емхана болсын, жекеменшік болсын – мемлекеттен тапсырыс алғандықтан, мемлекет қарамағында болған соң, әр қадамымыз бақылауда. Біз жауапкершілікті көп сезінеміз. Әрбір қағаз, рецепт, тексеру – бәрі тіркеледі, бақыланады. Бірақ бір нәрсені айтқым келеді: қай емханаға

се «Ақылы, бірақ тез» қызмет алу.

Сондықтан, нарықтың өзі жекеменшік емханаларды қажет етті. Қазір адамдардың өмір сүру қарқыны жылдам. Көпшілігі уақытын бағалайды: «Кезекте 3 сағат отырғанша, 10 мың төлеп, 15 минутта дәрігерге көрінгенім тиімді» дейді. Бұл да – жекеменшік емханалардың дамуына жол ашты. Себебі олар тез қызмет көрсетуге бағытталған. Тәуелсіздіктен кейін елде экономиканың әр саласында жекешелендіру жүрді. Денсаулық сақтау саласы да бұл үрдістен тыс қалған жоқ. Кәсіпкерлер мен медициналық білім алған мамандар өз емханаларын аша бастады. Бұл мемлекетке де тиімді болды: кейбір жүктемені жекеменшік клиникалар бөліп алды. Жекеменшік емханалар жаңа құрылғылар әкеліп, жаңа әдістермен емдеуді енгізді. Олар жаңашылдыққа тез бейімделеді. Мысалы, кейбір клиникаларда онлайн кеңес, шетел мамандарымен байланыс, телемедицина деген секілді заманауи тәсілдер бұрыннан бар. Бұл мемлекеттік мекемелерге де серпін берді, бәсекелестік тудырды. Яғни, бір жағынан бұл – сапаның артуына ықпал еткен фактор.

– **Сіздердің емханаларыңызға тіркелгісі келетіндер көп пе? Азаматтар көбіне қандай шағыммен жүгінеді?**

– Қазіргі таңда біздің емханамызда 15 мыңға жуық тұрғын тіркелген. Бұл – біз көрсететін қызметтің ауқымы мен жүктемесінің жоғары екенін білдіреді. Соңғы жылдары әсіресе міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне (МӘМС) қатысты тұрғындар тарапынан сұрақтар мен шағымдар жиілеп кетті. Көпшілік арасында әлі де болса бұл жүйенің ережелері толық түсінікті емес. Мысалы, кейбір азаматтар: «Неге маған тегін қызмет көрсетілмейді?», «Нәліктен кейбір емдеу шаралары үшін ақы төлеуім керек?» – деген мазмұндағы сұрақтармен жүгінеді. Бұл сұрақтардың негізгі себебі – азаматтың еш жерде жұмыс істемей, өзін сақтандыру төлемін жүргізбеуімен байланысты. Егер адам ресми түрде жұмыссыз ретінде тіркеліп, тиісті төлемдерді жүргізсе немесе жеке төлеуші ретінде сақтандыру қорына жарна төлесе, онда ол да барлық басқа азаматтар секілді тегін медициналық қызметтерді толық ала алады.

– **Бұл жағдайда емхана қандай түсіндіру жұмыстарын жүргізеді?**

– Мұндай жағдайлар туындаған кезде біз азаматтарға жүйелі түрде кеңес беріп, түсіндіру жұмыстарын жүргіземіз. Көпшілік мәселенің мән-жайына қаныққан соң, қажетті әрекеттерді жасап, тиісті тәртіппен

дымды жауап бермегені жөнінде шағым түсіп жатады. Әрине, мұндай жағдайлар көңіл қынжылтады. Себебі медицина қызметкері тек емдеу ісімен ғана емес, сонымен бірге қарым-қатынас мәдениетімен де ерекшеленуі керек. Мұндай жағдайда біз ең алдымен дәрігермен жеке сөйлесіп, жағдайдың мән-жайын анықтаймыз. Медициналық этика мен деонтология талаптарын еске салып, ішкі тәртіпке байланысты түсіндіру жұмысын жүргіземіз. Егер мәселе бір реттік болса, ресми түрде ескерту жасаймыз. Ал қайталанатын немесе науқасқа нақты зиян келтіретін жағдай болса, дәрігердің әрекеті ұжым ішінде талқыланып, тәртіптік шаралар қолданылады.

– **Қызметкерді бірден жазалау басты мақсат емес қой?**

– Дұрыс айтасыз. Біздің мақсат – жазалау емес, мәселені бейбіт әрі дұрыс шешу. Әрбір жанжалдың немесе түсінбестік жағдайының астарында адамның көңіл-күйі, жүктемесі, шаршауы, кейде кәсіби күйзеліске түсуі түрткі болуы мүмкін. Біз алдымен мәселені шешуге тырысамыз, қажет болса, психолог мамандармен де жұмыс істеуді ұсынамыз. Өзара сыйластық пен ашық диалог – кез келген ұжымның берекесі. Сондықтан әрбір медицина қызметкерінен өз ісіне адал-



ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ

Алматы облысы өңірге инвестиция тарту мәселесінде көш басында. Елдің әлеуметтік жағдайын көтеріп, экономикалық даму бағдарламаларын жетілдіріп, жұмыс орындарының қатарын көбейту жергілікті атқарушы билік өкілдерінің алға қойған үлкен мақсаттарының бірі. Осы ретте, облыс аумағында Қытай Халық Республикасымен стратегиялық әріптестік дамып жатыр.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТЕРЕҢДЕЙ ТҮСПЕК

Экономикалық бағыттағы байланыс пен инвестициялық мүдделестік жыл өткен сайын нығайып келеді. Бұған облыс әкімі Марат Сұлтанғазиевтің басшылығымен өңір делегацияларының Бейжің, Шанхай, Ханчжоу және Цзинань қалаларында болып, ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға қадам жасағандары дәлел. Сапар бағдарламасына сай халықаралық көрмеге қатысу, бизнес-форум өткізу, мәдени шаралар ұйымдастыру және Қытайдың мемлекеттік органдары мен іскер топтарының өкілдерімен екіжақты кездесулер жасау көзделген.

Бейжіңде өткен халықаралық көрмеде Алматы облысының 12 компаниясы 150-ден астам өнім түрін – азық-түліктен бастап биологиялық белсенді қоспалар мен сусындарға дейін – ұсынды. Қазақстандық өнімдер жоғары сапасы мен табиғи құрамының арқасында қытайлық дистрибьюторлардың қызығушылығын тудырды. Бұл көрме өңір брендтерін Қытай нарығына шығару мен тікелей экспорт-

...сапар барысындағы маңызды кездесулердің бірі – логистикалық алпауыт УТО Express компаниясының басшылығымен өткен келіссөздер болды. Кездесу барысында облыс аумағы арқылы өтетін көлік бағыттарын дамыту мәселелері қаралды. Сонымен қатар делегация құн энергетикасы саласындағы әлемдік көшбасшылардың бірі - Astronegy компаниясының өндірістік қуаттарымен танысып, Қазақстанда өндірісті локализациялау және жаңартылатын энергия көздері бойынша бірлескен жобаларды іске асыру мүмкіндігін талқылады.

тық байланыстар орнатудың тиімді алаңына айналды. Бейжіңде өткен кездесуде руханият мәселелері де назардан тыс қалмады. Қазақстанның Халық әртісі, көрнекті композитор Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына арналған халықаралық мәдени кеш қонақтарды тәнті етті. Бұл игі шарада «Сазген», «Құлансаз» халық музыка ансамбльдері, Алматы облысының танымал орындаушыла-

ры мен шығармашылық ұжымдары өнер көрсетті. Композитордың шығармашылығы әлем сахнасында қазақстандық мәдениеттің бай мұрасы ретінде таныстырылды.

Сапар аясында басымдық берілген бағыт инвестициялық және өндірістік ынтымақтастық мәселелері болды. Облыс әкімі қытайлық бизнес пен мемлекеттік құрылымдар өкілдерімен бірқатар келіссөздер жүргізді. Атап айтқанда, Бейжің қа-

әкімі Марат Сұлтанғазиев Шанхай қаласының мэрі Гун Чжэнмен ресми кездесу өткізді. Келіссөздер барысында Қазақстан мен Қытай арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнағанына 33 жыл толуына орай екіжақты ынтымақтастықты тереңдету мәселелері талқыланды. Әкім Алматы облысының қазақ-қытай серіктестігін дамытудағы стратегиялық рөлін атап өтіп, Шанхаймен тұрақты даму мен цифрлық трансформация үлгісі ретінде ынтымақтастық орнатуға мүдделі екенін жеткізді.

Облыс әкімдігінің мәліметіне сүйенсек, сапар барысындағы маңызды кездесулердің бірі – логистикалық алпауыт УТО Express компаниясының басшылығымен өткен келіссөздер болды. Кездесу барысында облыс аумағы арқылы өтетін көлік бағыттарын дамыту мәселелері қаралды. Сонымен қатар делегация күн энергетикасы саласындағы әлемдік көшбасшылардың бірі – Astronegy компаниясының өндірістік қуаттарымен танысып, Қазақстанда өндірісті локализациялау және жаңартылатын энергия көздері бойынша бірлескен жобаларды іске асыру мүмкіндігін талқылады.

Келіссөздер нәтижесінде Zhuhai Shixi Technology, Wanjia Hotel Group, AT Partner, Jinxiang Investment Group және басқа да қытайлық компаниялармен меморандумдарға қол қойылды. Келісілген жобалар қатарында – Көлсай көлінде аспалы жол салу, сондай-ақ туризм, тамақ өнеркәсібі, жаңартылатын энергия көздері мен ақпараттық технологиялар салаларындағы бірлескен бастамалар бар. 2025 жылғы 23 мамырда Цзинань қаласында өткен ірі бизнес-форумға 300-ден астам қатысушы мен 124 компания жиналды. Форумда экспорт-импорт қатынастары, технологияларды да-

мыту, құрылыс материалдарын өндіру, көлік инфрақұрылымы және энергетика мәселелері талқыланды. Іс-шараға жылдық байланымы 1 миллиард юаньнан асатын оннан астам корпорация қатысты. Форум Қазақстан мен Қытай кәсіпкерлері арасындағы іскерлік байланысты кеңейтуге маңызды алаң болды.

Ресми өкілдік мәліметінше, сапардың қорытындысында делегация Шаньдун провинциясының губернаторы Чжоу Найсянмен кездесті. Кездесуде екіжақты ынтымақтастықты кеңейту мәселелері қозғалды. Қазіргі таңда Алматы облысында қытайлық капиталдың қатысуымен 143 кәсіпорын жұмыс істейді. Қытаймен тауар айналымы 2023 жылы 1,082 млрд долларды, 2024 жылы 1,023 млрд долларды құрады. Шаньдун провинциясы сауда, инвестиция және мәдениет салаларындағы бірлескен жобаларды іске асыруда өңірдің басты серіктестерінің бірі ретінде қарастырылады. Сапар қорытындысы бойынша Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев Қытаймен өзара іс-қимыл жаңа деңгейге көтерілгенін атап өтті:

«Алматы облысы жасыл энергетика мен туризммен бастап логистика және агроөнеркәсіп кешеніне дейінгі барлық негізгі бағыттар бойынша ынтымақтастықты тереңдетуге дайын. Қол қойылған келісімдер мен жасалған уағдаластықтар қытайлық әріптестер тарапынан жоғары сенім деңгейін көрсетеді. Біз бірлескен жұмысқа ашықпыз және нақты нәтижеге бағытталғанбыз».

Экономикалық әріптестік пен инвестициялық жобалар ел әлеуетін көтеруге елеулі пайдасын тигізетіні анық.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ҚҰҚЫҒЫҢА ҚҰЛАҚ САЛ!

«ХАЛЫҚ ЗАҢГЕРІ» ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

Еліміздің әр өңірінде «Халық заңгері» акциясы өтті. Шара барысында кез келген тұрғын заңгер мен адвокаттардан құқықтық және жеке мәселесі бойынша тегін көмек ала алады.

Мұндай шара Кентау қаласы Жастар ресурстық орталығында қала әкімдігі аппаратының басшысы Бауыржан Әбенұлының төрағалығымен ұйымдастырылды. Халық заңгері акциясына оннан астам құзырлы орган өкілі келушілердің сұрақтарына жауап берді. Мәселені заң тұрғысынан қалай шешу керек екенін айтып, бағыт-бағдар көрсетіп, түйткілді шаруаларын шешуге көмек көрсетті.

Аталған акцияның мақсаты – халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және тегін заң көмегін көрсету. Кез келген азамат қаламыздағы ең үздік заң өкілдерінен тегін қажетті консультация ала алады. Олардың арасында белгілі адвокаттар, нотариустар, прокурорлар, тергеушілер, сот орындаушылары, мемлекеттік органдардың өкілдері

және басқарма басшылары бар. Шараға қатысқан облыстық және қалалық деңгейдегі мемлекеттік мекемелер мен құқық қорғау органдарының өкілдері мұндай бастамалардың қоғам үшін маңызын ерекше атап өтті. Олардың айтуынша, азаматтардың құқықтық сауатын арттыру – құқықбұзушылықтардың алдын алудың тиімді жолы.

– Құқықтық мәдениетті, мемлекеттік институттарға деген сенімді арттыру және құқық бұзушылықтар мен сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру үшін қоғамдағы «Заң және тәртіп» идеологиясын ілгерілетуге ерекше назар аударылды. «Халық заңгері» бірегей жалпыреспубликалық акциясы Үкіметтің қолдауымен өткізілуде. Сонымен қатар, бұл шараға мемлекеттік органдар,



құқықтың барлық саласы бойынша заңгерлер, адвокаттар жиналды. Сондай-ақ мемлекеттік билік органдары да азаматтарды қабылдады. Бұл күні біз бәріміз халыққа көмектесу үшін бірігеміз. Тағы бір атап өтер жайт, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру, заң нормаларын дұрыс түсіну және жалпы оларға біркелкі құқықтық қолдануды түсіндіру. Ол үшін кез келген өтініш берушіге заңгер-сарапшылар толыққанды құқықтық көмек көрсетеді. Бұл акцияның негізгі миссиясы осы, – деді қала әкімдігі аппаратының басшысы Бауыржан Әбенұлы.

Акция аясында сарапшылар неке-отбасы, мұрагерлік, тұрғын үй, қылмыстық, еңбек, азаматтық құқық, сот шешімдерін орындау, денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу, әкімшілік құқық бұзушылық және тағы басқа салаларға қатысты көптеген сұрақтарға жауап берді.

Акцияға көптен бері шешілмей жүрген мәселесі бойынша, талай табалдырықты тоздырған 100-ден астам қала тұрғындары келді. Солардың бірі – Нұрзада Бисембиева есімді зейнеткер. Ол күйеуі қайтыс болған кезде мұрагерлік іс ашпағандықтан, үйін сата алмай келген. Оның айтуынша үйін екі рет сатпақшы болған, алайда үйді сатып алушыға аударуға барғанда құжаттары дұрыс болмаған. Құжаттарды өзіне қалай рәсімдеу керектігін ешкім ашып айтпаған. Ал, ақылы түрде аударуға қыруар қаржы керек болған. 2022 жылдан бері бұл мәселенің жауабын есіктен есікке жүгіріп шеше алмаған кентаулық тұрғын осы акция

арқылы мәселесінің шешімін тапқанын айтты.

Қала тұрғындары бұл акцияға белсене қатысуда. Жылдан жылға акцияның ауқымы кеңейіп, көмекке жүгініп келушілердің мәселесі шешімін табады деген сенімдеміз.

Іс-шара аясында тәжірибелі заңгерлер, адвокаттар, нотариустар мен медиаторлар, сондай-ақ құқық қорғау органдарының, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың өкілдері қала тұрғындарын қабылдап, олардың құқықтық сұрақтарына жан-жақты жауап берді. Кеңес беру барысында жылжымайтын мүлік, жер қатынастары, әлеуметтік көмек, алимент, зейнетақы мен жәрдемақы, еңбек даулары және өзге де маңызды мәселелер қаралды.

Келушілер көптеген көкейкесті сұрақтарына заң аясында нақты жауаптар алып, кейбірі сол жерде-ақ оң шешімін тапты. Мамандар күрделі жағдайларда қандай қадамдар жасау керектігін түсіндіріп, қажетті құжаттарды рәсімдеуге көмектесті.

«Халық заңгері» акциясы билік пен халық арасындағы байланысты күшейтіп, өзара сенімді арттырады. Сонымен бірге, тұрғындардың мемлекеттік органдардың қызметі туралы нақты мәлімет алуына, өз құқықтары мен міндеттерін жақсы түсінуіне ықпал етеді. Қала тұрғындары осындай акцияларды тұрақты түрде өткізіп тұрған ұйымдастырушыларға алғыстарын білдірді.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ



Баспасөз – 2025

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттері- не және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғаса- ды. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді. Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қала- сындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуарыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

24.«Үздік педагог» республикалық конкурсын өткізу туралы хабарландыру

Конкурстың тақырыбы: «Үздік педа- гог» атағын беру.

Конкурсты ұйымдастырушы: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі (бұ- дан әрі – Министрлік)

Мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8-үй, Министрліктер үйі, 11 кіреберіс

Байланыс телефондар: 8 (7172) 74 22 93, 8 (7172) 74 25 15

Конкурс туралы ақпарат:

Конкурс «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 12 бұйрығына сәйкес өт- кізіледі.

Конкурс үш кезеңнен тұрады:

2025 жылғы шілде – аудандық, қала- лық (облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың) кезеңі;

2025 жылғы тамыз – облыстық (респуб- ликалық маңызы бар қалалар мен астана- ның) кезеңі;

2025 жылғы қыркүйек – Республика- лық кезеңі.

Конкурсқа меншік нысандарына және ведомстволық бағыныстылығына қара- мастан мектепке дейінгі, бастауыш, не- гізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының штат- тағы педагогтері болып табылатын, педа- гогикалық қызметте жоғары жетістіктері бар, Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды тапсыру сәтінде кемінде бес жыл үзіліссіз педагогикалық өтілі бар Қазақстан Рес- публикасының білім беру ұйымдарының педагогтері қатыса алады.

Конкурстың І кезеңіне қатысу үшін қы- тысушы Министрліктің ақпараттық жүйе- сі арқылы электрондық форматта келесі құжаттарды (материалдарды) қоса бере отырып, Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша конкурсқа қаты- суға өтінім береді:

1) оқыту тіліндегі портфолио (Қағида- лардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша педагог портфолиосының құрылы- мы);

22. «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» ком- мерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі Басқарма мүшесі – цифрландыру және стратегиялық даму жөніндегі проректоры бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды, «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының мекенжайы: Тал- дықорған қаласы, Жансүгіров көшесі, 187 А

Қызметтің негізгі мәні – жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру саласында білім беру қызметтерін ұсыну болып табы- лады.

Қызметтің мақсаты – ұлттық және жалпы адамзаттық құн- дылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу, оқыту және білім беру үшін, сон- дай-ақ ғылыми әлеуетті дамыту және әзірлемелерді коммерция- ландыру үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім, білім беру мекемелерінде және (немесе) тиісті салалардың уәкілетті орган- дарында немесе мемлекеттік органдар мен ұйымдарда басшы қызметтерде кемінде 3 жыл еңбек өтілі болуы. **Конкурсқа төмендегі тұлғалар қатыса алмайды:**

1) жиырма бес жастан кіші;

2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

3) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

4) медициналық арнайы мекемелерде есепте тұрғандар;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға мынадай құжаттар- ды ұсынады:

1) белгіленген нысандағы өтініш;

2) конкурсқа қатысушының жеке басын куәландыратын құ- жаттың көшірмесі;

3) 3x4 үлгідегі түрлі-түсті фотосуреті бар конкурсқа қаты- сушының қызметтік тізімі;

4) Білімі туралы құжаттардың және оларға қосымшалардың салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларын ұсына отырып, көшір- мелері;

5) жұмыс орны (қазіргі немесе соңғы) бойынша кадр қыз- метімен куәландырылған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

6) № 086/у нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы ме- дициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық коры- тынды);

7) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес құжаттарды ұсыну күніне дейін бір жылдан аспайтын уақыт бұрын берілген психоневрологиялық ұйымнан анықта- ма;

8) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәй- кес құжаттарды ұсыну күніне дейін бір жылдан аспайтын уақыт бұрын берілген наркологиялық ұйымнан анықтама;

9) қылмыстық заңнамаға сәйкес лауазымды атқаруға тыйым салынбағанын растайтын құжат.

Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдай- ларда көрсетілген қызметті алушылар Конкурсқа қатысушылар 6, 7 және 8-тармақшаларда көрсетілген құжаттарды ұсынбайды.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жүр- гізіледі.

Конкурсты өткізу күні мен орны қосымша хабарланады. Жоғарыда көрсетілген құжаттарды белгіленген мерзімде «Іли- яс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ корпо- ративтік хатшысына ұсыну қажет, Талдықорған қаласы, Жан- сүгіров көшесі, 187А, каб. 214, телефоны: 8 (7282) 22-00-51, 87479641306.

ӘРТҮРЛІ

11. «Sayahat Realty» ЖШС (БСН 180940027792) жарғылық ка- питалдың азайғы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде қабылданады. Тел.+77072272424.

12. «Саяхат-Инвест» ЖШС (БСН 061140004217) жарғылық ка- питалдың азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Тимирязев көшесі, 37-үй, 36-пәтер. Тел.+77072272424.

13. «БиЭнКей Финанс Казахстан» Микроқаржы Ұйымы» Акцио- нерлік Қоғамы БСН 180640000680, 2025 жылғы 9 маусымнан бастап заңды мекенжайының өзгергені туралы хабарлайды. Жаңа мекенжай: Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Тұран ауданы, Мәделі Қожа көшесі, 35/1 үй, пошта индексі 160000.

23. Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы ақын және жазушы Міржақып Дулатовтың туғанына 140 жыл толуына орай құрылыстың үздік жұмыс жобаларына мүсіншілер арасында респуб- ликалық шығармашылық байқау жариялайды.

Байқаудың мақсаты: кем дегенде үш жұмыстан тұратын құрылыс- тың үздік жұмыс жобаларын анықтау.

Жұмыс жобалары хабарландыру жарияланған сәттен бастап бір ай ішінде қабылданады.

Үздік жұмыс жобаларына республикалық шығармашылық байқау өткізудің егжей-тегжейлі шарттары <https://www.gov.kz/memleket/entities/kostanai-madeniet?lang=ru>, <https://murakst.kz>. сайттарында орналастырылған.

Анықтама телефондары: 8(7142)54-10-29, 54-10-69.

ТАРАТУ

4. «BABY-DOM» ЖШС (БСН 130240031449) (Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 14-ықшам ауданы, 12-үй, 74-кеңсе) өзінің тараты- латыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 17-ықшам ауда- ны, 31/2 ғимарат, тел. 87775804167.

6. «Құлан Агро КЗ» ЖШС (БСН 150940008691) өзінің таратыла- тыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жа- рияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қа- былданады: Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы, Құлан ауылдық округі, Құлан ауылы, А. Шахабайұлы көшесі, 6, тел. 87752304572.

7. «ДНС 2023» ЖШС (БСН 231040026518) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабар- ландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Аман- гельді Иманов көшесі, 10/1 үй, 67-пәтер.

8. «Батыс Инжиниринг Групп» ЖШС (БСН 120240002413) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабар- ландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Зачаганск ауылы, Солнечная көшесі, 11-үй.

10. «Euro Build Engineering and construction» ЖШС (Евро Билд Инжиниринг энд констракшн), (БСН 130140006444, Алматы қаласы, Төле би көшесі, 301Б үй, 1А кеңсе) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылдана- ды: Алматы қаласы, Орбита-4 ықшам ауданы, 1-үй, 102-пәтер, тел. 87055693865.

14. «Алаш - Б» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 200640002514) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап

екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қаласы, Мақатаев көшесі, 42-ғимарат, пошта индексі 160900.

15. «Stable Pay» ЖШС (БСН 181240014986) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жария- ланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Тәжібаева көшесі, 155, тел. 87019770010.

16. «V GLOBAL» ЖШС (БСН 231040010046) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жария- ланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Меркі ауылы, Е.Есімбеков көшесі, 44-үй, тел. 87075705329.

17. «Бітік КЗ» АШӨК» АШӨК (БСН 220840020256) өзінің тараты- латыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабыл- данады: БҚО,Ақжайық ауданы, Бітік ауылы, Бейбітшішік көшесі 64-үй, тел. 87773936864.

18. «Денсаулық Қармақшы» қоғамдық қоры (БСН 170240035934) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына ме- кенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Алибай Ахун көшесі, 4-үй. Тел: 87781009003.

19. «Универсал СК» ЖШС (БСН 120440000980) өзінің тараты- латыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабыл- данады: Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Төретам кенті, М.Маметова көшесі, 2-үй, тел. 87718201148.

21. «Ломбард «Пегас и К» ЖШС (БСН 090140015403) 10.03.2021 жылда берілген №14.21.0007.Л лицензиясы өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабар- ландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Павлодар қаласы, Лермонтов көшесі, 45, тел. 87182324702.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұ- мыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймер- денов қ. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7172) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-14,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қос- танай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8- 7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

МҰРАГЕРЛІК

2. 2025 жылдың 20 мамырында қайтыс болған Әбілдаев Нұрбер- ген Нұрмаханұлының артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбе- ковке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ау- даны, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат. Тел. 87022334499.

3. 26.12.2024 ж. Кенесбаев Шапағат Мәдениетұлының қайтыс бо- луына байланысты барлық мұрагерлерін нотариус М.С.Жанакулова- ның кеңсесіне мұраға құқық туралы куәлік алуға келуіңізді сұраймын. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Төле би көшесі, 139-үй, 82-пәтер. Тел. 87059612201.

9. 2025 жылдың 10 қаңтарында қайтыс болған Әбуұлы Темірәлінің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы біл- гісі келгендер болса, нотариус Ф.А. Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат. Тел. 87022334499.

ЖОҒАЛУ

5. БМ-16 ММИБ, БСН 201040009215 (ҚР, Астана қаласы, Алматы ауданы, Б.Момышұлы даңғылы, 16-үй), 06.06.2025 жылдан бастап, Үй Кеңесінің шешімі бойынша, БМ-16 ММИБ мөрінің күші жойылғандығы туралы хабарлайды.

Ақмола облыстық сотының басшылығы мен Ақмола облы- сының судьялар қауымдастығы сот жүйесінің ардагері Жұма- беков Әтімбек Есілбайұлына анасы **ЖҰМАБЕКОВА Жасира Жұмажанқызының** қайтыс болуына байланысты, оның отбасы, туыстары мен жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби, 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызыл- орда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Қойкелді кө- шесі 158 а,ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қа- бат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz»ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz» Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99. г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509 e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«КАIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What’s app бойынша қабылдаймыз.

БАЙҚАУҒА!

(**Соңы. Басы № 42,43 сандарда**)

– Ол кезде бандылар күшейіп тұрды ғой. Қара базарда тапанша-сын беліне іліп алған бұзақылар талтандап жүретін. Қалта ұрыла-ры ашық жұмыс істейтін. Пәтер тонау күнделікті әдетке айналған. Милицияға арыз түссе – дереу істі жапқысы келіп тұрады. Сол кезде құқық қорғау органдарының өздері де қорғансыз еді. Жалақы беріл-мейтін, жанармай жоқ, хаттаманы қолмен жазатын. Қанша айдан бері айлықсыз қалған олар жұмыс істеп не жарытсын, «өзің кінәлі шығар-сың, уақыт жоғалтпаңдар», – дейтін де, әйелдер үнсіз жылап қайтатын. Ал есесіне, қалада – заңсыз қару, рэкет, бопсалау мен зорлық өршіп кетті. Айтпақшы, сен бұған неге тіреліп қалдың?

– Мен көп нәрсені анықтауым керек.

– Бекер уақыт жоғалтасың ау. Одан да жаңа істі алмаймысың? Ба-яғы істер... ықпыл-жықпыл... айғақ та, куә да табылмай діңкелейсің ғой.

* * *

Абылай бүгін тағы да жұмыста қалып, үстел үстіндегі бір іс папка-сын қайта қарады.

Тоғызыншы бөлім. Әйел адам жоғалған. 1990 жыл. Іздеуге беріл-ген, бірақ бір жылдан соң іс тоқта-тылған. «Айғақ жоқ».

Капитан қылмысқа қатысы бар жігітті ойлады. Ия, сараптама нәти-жесінде кемпірдің оқ тигеннен емес, жүрегі жарылып өлгені анықталды. Бірақ, жігіттің бөтен үйге рұқсат-сыз кіріп, үй иесінің көлігін заңсыз айдап кетуі, жол апатын жасауы бәрібір де жазасын жеңілдетпейді. «Түйсігі алдамаған сияқты, мұндай адам көлікті жайдан-жай ұрлай сал-майды. Мұндай адам – бірдеңе іздеп келеді. Көп жыл күтіп, есеп жүргізіп келеді. Бірақ, әлі де анықтай түсу керек», деп ойлады капитан Абылай Қайсенов шығып бара жатып.

* * *

Жауап алу кезінде шал біре-се «менің ешқандай көлігім жоқ» деп, біресе «ол жігітті танымаймын, көрген де емеспін, машинаны есік алдынан айдап кеткен» деп тер-геушінің жүйкесін сынап көрумен болды.

– Бірақ ол жігіт көлікті алуға сіздің өзіңіз рұқсат етті деді ғой, – деді Абылай кекесінмен.

– Сіз екеуіңіз бірге отырып арақ ішіпсіздер. Көліктің кілтін де өзіңіз бергенсіз.

Мына суретті қараңызшы. Біз бұ-ның кім екенін анықтадық. Сіздің де кім екеніңізді анықтайтын деректер қолымызда.

Шал үнсіз қалды. Тіпті сөйлемей қойды. Жүзін төмен салып, қолының сыртымен тізесін сапыды. Кәрі сау-сақтардың дірілі басыла қоймады.

– Есіңізде жоқ па? Әлде еске алғыңыз келмей ме?

Шал тіл қатпады. Жанарында да, жүзінде де түнек бардай. Ол түнек өмірге реніш пе, қорқыныш па – белгісіз. Әйтеуір бір қатып қалған, кеуіп қалған тас бейне.

– Сіз оның анасын өлтіргеніңіз рас па? – деді Абылай, сұрақты ке-нет лақтырып жібергендей, төбесін түсіріп. Ата-әже көріп өскен тер-геуші жасы үлкен адамға дауысын көтере сөйлеуді өзіне ыңғайсыздық сезінетіні бар.

– Сіз оны не үшін жасадыңыз? (Сіз өзіңізді кінәлі сезінесіз бе? де-меді).

Шалдың иегі дір ете қалды. Бірақ сол қалпы үнсіз отырды. Тек көзінің асты бүлк етіп, иығы селкілдеп кетті. Бұл – мойындамау да, жоққа шыға-

ру да емес еді. Бұл – шындықпен алғаш бетпе-бет келудің ауыр реак-циясы еді.

Еске түсірейік. 1990 жылдың та-мызы. 3. қаласы. Мәдениет үйінде ән салып жүрген әйел. Сіз оны бір жерде жолықтырдыңыз. Қаладағы лас жердің бір пұшпағында. Сол түні ол жоғалды. Бір-ақ күнде. Сіздің сол әйелдің қасында болғаныңыз жайлы білетін, көрген куәгерлер бар. Ай-тыңызшы... не үшін олай істедіңіз?

Шал көзін көтерді. Абылай оның жанарынан іштен шығып, тұла бой-ына таралған салқындықты көрді. Бір кезде ол демін терең алды. Со-сын ақырын ғана тіл қатты:

СОЛ БІР ТҮНДЕ...



– Ол ән айтқанда... мен... жы-лаған едім. Дауысы ескі қобыздың ішегінен шыққан сияқты мұңлы, ар жағынан естілетін. Ол сұлу әйел еді. Мені менсінбеді. Төсектес бо-луға көнбеді. Ол мені қорлады. Со-сын үш жігіт бірігіп зорлап, әйел милицияға айтам дегенде... шамалы қорқытып алайын дегенбіз... бірақ, байқамай өлтіріп алыппыз. Сосын...

– Шалдың дауысы қар басқан жер астындағы шөптің сыбдырлаға-нындай бәсең шықты.

– Сол үшін бе? Не деген жаба-йылық?

– Өзің сұрағасын айтып отыр-мын! Шал дүңк етті.

– Тағы не айтасыз?

– Онсыз да біліп отырсың. Бәрін Мінәй айтқан шығар...

– Мінәй деген кім?

– Бұрынғы кочегар емес пе.?

Тергеуші енді кочегарды іздес-тірді. Бір тәуірі жетпістің алтауына шыққан қария сөйлеуге жарайды екен. Мән-жайды түсінген соң бәрін баяндап айтып шықты.

* * *

Қыс болса шағын қаланың шет жағындағы жылыту қазандығынан көтерілген түтін біресе қап-қара, біресе көксұр бояуға еніп қаланың үстінде бұрқырайтын да жататын. Бүкіл қаланы жылытып тұр деме-сеңіз, жақындап келсеңіз, тым қа-рапайым-ақ орынжай. Мінәй бүгін кезекшілігіне ертерек келді. Түн-ге қарай күннің бұдан да қаттырақ суып кетерін ойлап, ашық-жарықта

көмірді молырақ кіргізіп алмақшы. Екі қолына екі шелек ұстап, әрі-бері жүре бергенге темір шелектің сабы қолын қарып барады. Иығынан зіл тартқандай болғанда барып дамыл-дап, отқа қолын жақындатты. Аузы арандай пеш екі секунд ішінде сырт-тағы аязды ұмыттырып жіберді.

Төрт-бес рет демалып жүріп бі-раз отын кіргізіп алды. Пеш гүрілдеп жанады. Не салсаң да сол бойда өртеп, қаудырлатып бір уыс күлге айналдырып жіберетін дүлей отқа қараған сайын маңдайы жіпси бе-реді.

Кейде өртейтін ескі-құсқыны алып осы қаланың еріккен жүгер-мектерінің келетіні бар, тері-тер-сек пе, бәрібір... осы аузын аран-дай ашқан отқа бұралқы ит пен

Сосын кочегарды байлап тастаймыз да аузына арақ құямыз, ал өлікті отқа тастап жіберіп өзіміз қарамы-зды батырамыз. Балта ала шықтың ба жаңа?

Бұны естіген Мінәйдің арқа-басы мұздап кетті.

Дыбысын шығармай өзі ғана білетін тесіктен сығалағанда ал-дымен көзге шалынғаны шана болды. Үстінде қалай болса солай оралған бірденесі бар. Адам деуге адамды солай құндақтайтынын көр-меген, хайуан деуге одан ұзын.

Бір кезде құнжыңдасып кеткен әлгілер балта алып есікті ұрғылай бастады. Ертеректе салынған бұл жайдың есігі қаусап тұрмаса да жаңа емес еді. Тартқылай берген-

кетті. Жан қымбат. Осыдан қайрат көрсетпесе мына дүлейлер балта-мен шауып тастаудан тайынбас!

– Неге ашпайсың ей, әкеңнен қалған кочегар ма еді! – деп бұны тепкілей жөнелген домалақ жігітті бұл да аямай ұрып-ұрып жіберіп еді, күн сайын тонна көмірді шелекпен тасып жүрген қарулы жігітке шыдас бермей ұшып түскеніне намыстан-ды ма, әлгі долданып қайта шауып, одан үшеуі бірдей бұған жабылып кетті.

Екеуі ұстап тұрып, біреуі іштен екі ұрғанын біледі. Талып бара жатқа-нын біледі. Бұның аузына лықылда-тып арақ құйып, өзінің қақалып-ша-шалып жатқанын да еміс-еміс біледі. Сұп-суық нәрсе тамағынан өтіп, қолтығына құйылған. Еміс-еміс көргені – әлгілер дәу қазандықтың қақпағын сынған күректің сабымен әупірімдеп қозғап, орап әкелген-дерін мықшыңдап көтеріп әкеліп отқа қарай итеріп жатты. Сол кезде ораудың арасынан әйелдің мойыл-дай қап-қара шашы төгіліп кеткен. Сол күні ай сүттей жарық еді, төгіліп кеткен қара шашты анық көргенде Мінәйдің де есі ауып кеткен. Ол көп жатты, есін жиғанда мүрдені отқа тастап жіберген қаныпезерлер де қарасын батырған еді.

Сол түн тым-тым ұзақ көрінген Мінәйға. Әлдеқайдан полиция ма-шинасының дауысы естілгендей болды да, сәлден соң ол да басылып қалды. Тұла бойы түгел ауырып тұр-са да әреңдеп жүріп отын салды. Басы мең-зең. Құлақ түрді. Енді ұлып тұрған желдің үліі ғана естілді. Мұның жон арқасын оқыс қармап қалған мұздай суық бірте-бірте та-рай бастады.

Ертеңінде естіді, қаладағы клуб сахнасында ән салып жүретін сұлу келіншек жоғалып кетіпті. Сонда Мінәйдің жүрегінің басын аяз қарып алғандай, шым ете қалған. Қалада жоғалған әйел жайында ауыздар небір сұмдықтарды айтып сусылдай жөнелді, бірі әйелді өзі жеңілтек еді десе, бірі қапияда қарақшылардың қолына түсіп қалған екен десті. Со-дан бері Мінәй шошымал болған. Түн баласы көзін жұмса әйелдің тө-гіліп түскен қара шашын көретін. Мінәй ол күнді ұмытпайды. Сол күні шырақтай маздатып өлік өртеген алаудың айыр тілі шарпып шыққа-нын қайдан ұмытсын... Түнгі аспан күңірсік өліктің май-май күйесіне батқан тажал қазанының түбінде қап-қара боп, бауырын алауға айма-латып, қуырып жатқан от леп оның да тұла бойын қарыған еді, оны қай-дан ұмытсын...

Келіншектің ұлы бар екен. Нағашы әжесінің бауырында қалған баланы сыртынан танып алды. «Сенің шешенді өлтірген адамдарды білем, есіңе сақтап ал, өскен соң кегінді аласың» деп айтсам ше дей-тін кейде. Бірақ, қалай? Кіп-кішкен-тай баланың жүрегін жаралап, сол өзі көрген, бірақ, еске алуға жүрегі дауаламайтын күлді-көмеш тақсы-рет жайында қалай айтап? Содан бері сол түні көргені қанша жылдан бері меңіреу күйде ішінде қатып, бұ-ның көкірегін көр тышқандай кеміре бастаған.

– Полицияға неге келмедіңіз? – Жергілікті банданың адамда-рынан қорықтым, – деп жауап бер-ген сонда Мінәй.

* * *

– Менің жазам қандай болуы мүмкін? – деп сұрады жігіт.

– Егер адам басқа біреудің көлігін мас күйде, иесінен рұқсатсыз алған және жол апатын жасаған болса... деп келе жатты да, «оны сот ше-шеді» деп қысқа қайырды.

«Сен анаңның кегін алмақ бол-дың. Бірақ әділдік адам өлтірумен орнамайды...» – деп ойлаған капи-тан ішінен жігітке тілектес еді.

Жадыра ШАМҰРАТОВА

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадияр Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6327 дана
Апталық таралым 12 654 дана

Тапсырыс №87 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31